



Вексель айналымын енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 31 тамыз 1994 ж. N 351-Ә

Қазақстан Республикасының аумағында төлем дағдарысын шешу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы аумағында вексельді айналым бағдарламасын әзірлеу жөнінде контракт жасасу үшін Holdain Securities (Ұлыбритания) және TTE (АҚШ) фирмаларымен Үкімет атынан келіссөз жүргізу тапсырылсын.

2. Келіссөздер нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп, Holdain Securities (Ұлыбритания) және TTE (АҚШ) фирмаларымен вексель айналымын енгізу жөніндегі жұмыстарды орындауға Үкімет атынан контракт жасасу құқығы берілсін.

3. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Қажыгелдин Ә.М. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары (топ жетекшісі)

Сапарбаев Б.М. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
Іс Басқармасы Қаржы, еңбек және әлеуметтік
қорғау бөлімінің менгерушісі

Бисенов. М.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
орынбасары

Бабакина С.Н. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Салық басқармасы жанама салық бөлімінің бастығы

Дронов Ф.К. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс
Басқармасы Аумақтық даму бөлімінің бас
инспекторы

Ертілесова Ж.К. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің
орынбасары

Жолаев Т.Ж. - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Экономикалық заң шығару басқармасының бас
консультанты

Зыкова С.М. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
Іс Басқармасы Мемлекеттік басқару органдары

бөлімінің аға референті
Обаева А.С. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем
жүйесі басқармасының бастығы (келісім бойынша)
Шевелев В.В. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда
министрінің орынбасары

4. Жұмыс тобына министрліктер мен ведомстволардың мамандарын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды жұмысқа тарту құқығы берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Шаруашылық басқармасы жұмысқа тартылған тәуелсіз сарапшылар тұратын қажетті үй-жай бөлсін, оларды қажетті байланыс қуралдарымен, ұйымдастыру ісінің техникасымен және көлікпен қамтамасыз етсін.

6. Жұмыс тобы вексель айналымы жөніндегі нормативті және заң актілерінің жобасын 1994 жылғы 1 қазанға дейін әзірлесін.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК